

- 2 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. -Алматы: «Санат», 1995. – 368 б.
3 Әбдиманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу-эссе. -Алматы, 2007. – 295 б.
4 Рысқұлов Т. Избранные труды. -Алма-Ата, Казахстан, 1984. – 259 с.
5 Жұмабаев Н. Міржақыптың есімі ғасырлар жасайды. // Қостанай таңы. 24 қараша, 2004 ж.
6 Кәкішұлы Т. «Оян, қазақ!» қалай қуғындалды? // Егемен Қазақстан. 7 қыркүйек, 2005 ж.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ

*Шахаев А.Ж.
Қазақстан тарихы және ҚХА
кафедрасының аға оқытушысы
педагогика ғылымдарының магистрі,
Орынбекова Р.Ж.
археология, этнология және Отан
тарихы кафедрасының оқытушы
педагогика ғылымдарының магистрі
Академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды Университеті
Қарағанды қ., Қазақстан*

Ахмет Байтұрсынұлы - ХХ ғасырдың басындағы зиялы қауым өкілдерінің бірі. Ол өзінің барлық білімін, күш-жігерін және өмірін Қазақстанның тәуелсіздігі үшін, туған халқының рухани жаңаруы үшін күреске арнады. Қазақ зиялыларының басқа да көрнекті өкілдерімен қатар ХХ ғасырдың 30-шы жылдарындағы жаппай қуғын-сүргіннің құрбаны болды.

Халқымыздың біртуар перзенті, ұлт – азаттық қозғалыстың көсемі - Ахмет Байтұрсынұлы (1872–1937ж.) қазіргі Қостанай облысы, Сарытүбек деген жерде дүниеге келген.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиетіне сыншы, публицист, әдебиет тарихшысы, аудармашы және педагог ретінде елеулі үлес қосты. Шығармашылық қызметін ол фабулист ретінде бастады. «Қырық мысал» (1909), «Маса» (1911) шығармаларында бос әурешілік, жалқаулық, надандық, көргенсіздік секілді адамның кемшіліктері мазақ етіледі. Реформаланған әліпбиі бар алғашқы қазақ әліпбиінің құрастырушысы болды. Сондықтан оның туған күні Қазақстан халықтарының тілдері күні болды. Абайдың ағартушылық және сыни дәстүрлерін жалғастыра және дамыта отырып, «Қазақтың бас ақыны» атты мақала жазып, қазақ әдебиетін жаңа деңгейге көтерді. Автор «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), «Ер Сайын» (1923), «Әліпби» (1924), «Жаңа Әліпби» (1926), «Әдебиет танытқыш» (1926), «Баяншы» (1926), «23 жоқтау» (1926) және т.б. әдеби-ғылыми еңбектер жазған. Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады.

Патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады.

Ақынның алғашқы өлеңдері "Қырық мысал" атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды.

Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған.

Байтұрсынұлының екінші кітабы — "Маса" (1911). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады.

Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. "Қазақ салты", "Қазақ қалпы", "Досыма хат", "Жиған-терген", "Тілек батам", "Жауға түскен жан сөзі", "Бақ" және тағы басқа өлеңдерінің мазмұны осыны танытады [1,38 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жарыққа шығаруға зор үлес қосты. Қазақтың "Ер Сайын" атты эпостық жырына алғы сөз бен түсініктемелер жазып, оны 1923 жылы Мәскеуде шығарды.

Бұдан бөлек, қазақ ауыз әдебиетінде молынан сақталған жоқтау-жырларын арнайы жүйелеп, 1926 жылы "23 жоқтау" деген атпен жеке кітап етіп жариялады.

Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі — "Әдебиет танытқыш" (1926). Автор әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады.

Дана өз заманынан озып туады, тозық елді озық етемін деп, халқының алдына шығып, өрге сүйрейді, жолында тұрған кесепаттарды өңменінен түйрейді дегендей Ахмет Байтұрсыновтың еңбектерінде ұлтының болашағы, оның мәдениетін жетілдіру жолдарын баяндау.

Ол сынаған кесепаттар — надандық, қараңғылық, кертартпалық, адами хайуандық, отаршылдық, ұлттың азуы мен тозуы, оның бұратаналық болмысы, құлшылық санасы, таланған жері, қансыраған тілі, шоқындыру саясатынан жансыздана бастаған діні, орыстандырыла бастаған ділі [2,10 б.].

С.Сейфуллин, М.Әуезов бастаған қазақ зиялылары А.Байтұрсыновтың халықтың "алғашқы шыққан көсемі" екендігін, "қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз Ахмет Байтұрсынов" екендігін, "бостандыққа жол көрсеткен Ахмет Байтұрсынов" екендігін айтып жазды. Алайда кеңестік тоталитарлық жүйе, И.Сталиннің жендеті Ф.Голощекин ұлттық идеяны ту еткен А.Байтұрсынов есіміне "шылдық" деген жұрнақты байлады, революцияға, халыққа қарсы қазақ ұлтшылдығының символы етіп жариялады. Бұл саясат арқылы кеңестік жүйе төрт мақсатына жетті: біріншіден, А.Байтұрсыновты қазақ зиялыларының қорғаныс шебінен шегіндірді; екіншіден, оларды өз халқына құбыжық етіп көрсетіп, өз ұлтынан айырды, қанатын қайырды, ұлтты басшысыз, рух көсемдерінсіз қалдырды; үшіншіден, дананың тарихтан алар орнын ластады; төртіншіден, қазақ өзін танудан қалды, әлемдік халықтануда оның болмысы бір сәт аласарып, рухы төмендеді. А.Байтұрсынов XX ғасырдың ірі құбылысы. Оның есімі осы дүбірлі ғасырдың түбірлі, түбегейлі құбылыстарымен тағдырлас [3,24 б.].

А.Байтұрсынов оқу-білімді, ағартушылықты "ерге теңдік, кемге кеңдік, азды көп теңгеретін" бостандық жолы деп таныды. Қарқаралыда 1896-1907 жылдары орыс-қазақ школында болып, училище оқытушысы болған. 1905 жылы Қарқаралыда үкіметке қазақ халқының атынан жер мәселесі, оқу-ағарту ісі туралы Қарқаралы петициясын жазуға қатысады. 1905 жылы Қарқаралы қаласында алты жолдасымен абақтыға жабылады [4, 9 б.].

XX ғасырда Ресей империясында ұлттық-либералдық демократиялық қозғалыс өрістеді. Қазақ зиялылары ресейлік жаңа реформаторлық буынның бір тармағы есебі ретінде бой көтерді. Ахмет Байтұрсынов ұлт-азаттық қозғалысына гуманистік, ұлттық сипат берді. Еуропалық күрес рухын ұлттық сарын, әуенмен қабыстырды. Ата-баба аруағын аттамады, атой салып, жауға шапқан замананы даттамады, жаңа демократиялық күрес жолын сыннан өткізді.

Алаш зиялыларына отаршылдыққа қарсылық білдірді. Оған себеп қазақ халқының ауыр тұрмысы еді. А.Байтұрсыновтың өз тілімен айтса, Алаштың зиялылары “жұртым деп, халықтың арын арлады, зарын зарлады, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғады.” Ол жалпыұлттық зар – отаршыл мемлекет тартып алған нулы, сулы ата қонысы, ана тілі, ұлттық ділі, ислам діні еді.

Қазағым елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,

Аш көзіңді оянып, - деп қалың қазақ елін майданға шақырды[5,14 б.]. Бұл идея Ахмет Байтұрсынов заманасында қазақ зиялыларының тұғырнамасы болды. Бұл жалпыұлттық, одан қалды езілген түркі халықтарының ортақ ұранына айналды. Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсыновтың арқасында Шығыстың ұлт-азаттық қозғалысы еуропалық бағыт алды, ұлттық ұранға ие болды, бүкіл Ресей шығысында Алаш туы желбіреді. А.Байтұрсынов Алашорда мемлекетін құрушылардың бірі болды.

1920 жылы 17 сәуірде Кеңес өкіметінің басшысы В.И.Ленинге ұлт мәселесі туралы арнайы хат жолдады. Онда билеуші халықтың ұлы державалық жан дүниесін қайта тәрбиелеуге ұзақ жылдар керек екенін айтып, ұлт мәселесін шешу туралы өз түсінігін пайымдады. Ол біртұтас кеңестік мемлекет құрамындағы республиканың егемендігі туралы мәселені ашық қойды. А.Байтұрсынов Кеңес заманында ұлтқа қызмет етуді бір сәт тоқтатқан емес.

А.Байтұрсынов ғұлама ғалым, философ, ойшыл тұлға. Ол феодалдық патриархалдық болмысқа, ескілікке қарсы тұрды. Оқу-білім берудегі жаңа типтік мектеп, білім беру жүйесін, татарланып шұбарланған ана тілді сақтап қана қоймай, ана тілім – жаным деп, түлкітілдес халықтардың ішіндегі ең ғылыми, әдеби бай тіл дәрежесіне жеткізген ерен еңбегін, елшілдік ұранын, ұлттық мүддені қазық қылды.

А.Байтұрсынов халқының азаттығын, елінің тәуелсіздігі мен ұлттық мемлекеттілігі жөнінде жан аямаған күрескер. Ол оқу тауысып, мұғалімдік қызметке кіріскен кезі патша әкімшілігінің қазақ даласын билеуде 1822 жылы Сібір жарғысының, 1868 жылы Уақытша Ереженің күшін тыйып, 1891 жылғы Дала Ережесіне көшкен тұсына тап келді. Алғашқы ереже қазақтарды аталастыққа қарай ауылға, руластыққа қарай болысқа, тайпаластыққа қарай округке бөліп, қылмысты істі сот арқылы, дау-шарды билер арқылы шешіп, дәстүрлі үрдіске жақын үрдісте қалдырды. Екінші ереже үй санына қарап ауылға, болысқа бөліп, әрқайсысының қонысын белгілеп, әлеуметтік істерді орыс шаруаларына шешіп, жартылай дәстүрлі үрдіске көшірді, ал соңғы ереже бойынша қазақтар ендігі жерде Ресейге өте-мөте жақын үрдісте басқарылатын болды. Бұл әлі күнге көшпелі ауыл қалпында қыр қауымы саны жағынан да, көк пен жердей үстем тұрған қауыммен бірдей талап қойылып, төтен бәсекеге төтеп бере алмай, басымен қайғы болсын деген сөз еді. Мұндайға Ұлт болып ұйымдасып, қарсы тұрудың еш мүмкіндігі қалмаған-ды. Бұндай тұста ағартушылық тек сауат ашумен шектелмей, алдымен заман танытуға бағыттау керек болды. А.Байтұрсыновтың пайымдауынша “...Ақысын жібермейтін дәрежеге жеткенше қазаққа қай жағынан да болса теңдік жоқ. Бұл заманда қолы жетпегенді теңдікке жеткізетін өнер-білім. Сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяғының астында жаншылмас едік. Біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік. Осыларды істей алып отырған жұрттың бәрі де сондай болмаған. Бұлар да басында біздей,... бізден де өнесіз болған. Халық жүре, оқи, талаптана келе осыған жеткен...”. Ол күллі адамзаттың даму үрдісі түбегейлі өзгеріп жатқан тұста қазақ халқына басқалардан өзгеше заман болмайтынын ескертіп, одан да қамсыз қалмауға үндейді. 1912 жылы Орынборда басылып шыққан тұңғыш әліппесіндегі “Құлақ екеу, ауыз біреу. Ол не үшін бұлай? Көп тыңдап, сөйлеуге жаратқан оны құдай. Ауыз біреу, көз екеу – ол не үшін бұлай? Көп көріп, аз таңдануға жаратқан оны солай. Ауыз біреу, қол екеу –

ол не үшін бұлай ? Көп жұмысшы, аз жеуші – жаратқан ол солай” дейтін өлең сәбилерге емес, күллі әлеуметке бағышталған тұспал ұран еді.

А.Байтұрсынов бөліне-жарылушылыққа қарсы боп, бәрін де ұлттық жаңарысқа жұмылдыруға тырысты. Ол өшпелі кезең жағдайында кездеспей қалмайтын дәстүршілік пен жаңашылдық тайталасында жаңаруды жақтады. Өз ісің өз билігіңді өз қолыңда бекем ұстай алсаң ғана өнеді. Ол үшін ұлт әуелі өз ахуалын өзі терең түсініп, оны түзетуді бірлесе ойластырып, қамдастырмақ шарт. А.Байтұрсынов жан-жақты әдеби-ғылыми шығармашылығы мен ұстаздық-қоғамдық қызметін қандастарына осыны терең ұғындыруға арнады. Бұл оның ұлттық мемлекеттік билік жолындағы жүйелі күресіне керекті білім, тәжірибе, бедел жиып бере алды. Ол сөйтіп ұлт тәуелсіздігі жолындағы “Алаш” партиясын құруға белсене қатысты. Тәуелсіздікке жетудің стратегиясы мен тактикасын жасасты. 1917 жылдың шілдесінде Міржақып Дулатовпен бірігіп Орынборда өткен жалпықазақтық бірінші құрылтайда “автономиялы тәуелсіз қазақ мемлекетін” құруды ұсынды[2, 22 б.].

Ұлттық автономия идеясын су түбіне жібергісі келмеген А. Байтұрсынов 1920 жылы кеңес мемлекеттік басшыларының тікелей қолқасымен Коммунистік партия қатарына өтуге мәжбүр болды, бірақ бір жылдан соң енжарлығы үшін шығып қалды. Уақытында жасалған мәміле арқасында қазақтарға көпұлтты Ресей құрамында автономия берілді. Кейін Қазақ автономиясы Ресейдің құрамынан шығып, республика болып жарияланды. Оған Түркістан республикасының құрамындағы жерлер қайтып берілді, қазақ жері аумақтық тұтастығын қалпына келтірді. Қазақ халқының дербес мемлекеттікке құқылы екендігі заң жүзінде мойындалды. Бұның бәріне де А.Байтұрсынов тікелей еңбек сіңірді.

1929 жылы қамауға алынған қазақ зиялыларының ішінде “рухани көсем” А.Байтұрсынов та болды. Оған орыс жазушысы М.Горький мен оның әйелі Е.П.Пешкова халықаралық Қызыл Крест арқылы көмектесіп, 1934 жылы айдаудан босаттырды. Ол әуелі Батыс Сібір өлкесіне сонан соң Алматыға келеді. Ұзақ уақыт жұмыссыз жүріп, эзер деп қызметке орналасқан халық перзенті 1937 жылғы 9 қазанда сталиндік репрессияның қанды пышағына ілігеді.

А.Байтұрсынов түрмеде отырып, өзінің соңғы өлеңін жазады.

Не жазып ем, құдай-ау, мен қазаққа,
Мұншама ғып салғандай бұл азапқа?!

Адамшылық есебіне кірісіп,
Қолы жетсін дегенім бе азатқа?...[6, 20 б.].

Бұдан кейін ол бірдене жаза алдыма – ол белгісіз. А.Байтұрсынов 1938 жылы атылады.

Ахмет Байтұрсыновтың тағдыры – қиын, бірақ кісі қызығарлық тағдыр. Ғұмыры ащы арманға толы, алайда адамға үлгі боларлық ғұмыр. Мақсат – мұратының мазмұны, кей тұста қайшылықтарға соқтырды десе де, өте терең. Ол теңдесі жоқ қайраткер, ғұлама ғалым, көрнекті ақын, ағартушы-ұстаз. Оның атқарған ісі өте көп. Ол халық үшін риясыз еңбек етті, күресті[5, 19 б.].

А.Байтұрсынов:

Біріншіден, қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, жаңашыл ағартушы.

Екіншіден, қазақ жазуының реформаторы, ол жасаған жаңа жазу бүгінге дейін қолданыс тауып келеді.

Үшіншіден, қазақ әдебиеті мен мәдениетін зерттеуші, тұңғыш филолог ғалым, қазақ ғылымын алғаш ұйымдастырушылардың бірі.

Төртіншіден, қазақ халқына адал қызмет еткен ірі қоғам қайраткері. Міне қазақ халқының абзал ұлдарының бірі бір емес, екі рет жазғырылып, сталиндік режимнің құрбаны болған А. Байтұрсыновты осылай танимыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақ тарихы // журналы, 1997, №5.
2. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. - Алматы. - 1999. - 18 б; Шәріпов Ә.,
3. Қоғабай Сәрсекеев. "Ұлт ұстазы немесе Алаштың Ахметі – Ахмет Байтұрсынов жайлы ой түйін".
4. "Ұстаз ұлағаты". Егемен Қазақстан. 15 қазан 1998 жыл.
5. Манаш Қозыбаев. "Ахмет Байтұрсынов – ХХ ғасырдың ұлы реформаторы".
6. Ахмет Байтұрсынов. Шығармалар, А., 1989 жыл.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТТЫҚ ДАМУДЫҢ ПРОГРЕСІН АНЫҚТАҒАН ТҰЛҒА

*Тезекбаева Г.К.
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы,
Н. Қиікбаев атындағы
мектеп-гимназиясы қазақ тілі мұғалімі
педагогика ғылымдарының магистрі
Қазақстан*

Ұлы қазақ даласы ешқашан өз халқына сараң болған емес және әрдайым әлемге көрнекті тұлғалар сыйлаған. 20 ғасырдың басында халқымызға дамудың дұрыс жолын көрсеткен адамдардың өмірі туралы естеліктер біз үшін ерекше қымбат. Егер тарихқа көз жүгіртсек, қазақ елі көптеген қиыншылықтарды басынын өткерген, өмір сүру мүмкін болмаған кезде, қалыптасқан стереотиптер өзгеріп, дамудың сапалы сатысына көшу жүзеге асырылғанын түсінеміз. Әдетте, әлеуметтік қайшылықтар шыңына жеткен кезеңдерде қоғам оларды жеңу үшін ең батыл және ерекше қадамдарды қажет етеді. Жеңістердің тәттілігі мен осы жолдағы жеңілістердің ащы дәмін, ең алдымен, осы қадамға бірінші болып шешім қабылдағандар бастан өткерді [1].

Бұл олардың принциптерін, сенімдерін, белгілі бір әрекеттерін, жанқиярлық қабілетін, айта келгенде, ұлттық дамудың прогресін анықтады. Қазақ елінің көрнекті ақын – ағартушы, ірі ғалым, талантты аудармашылардың бірі, көрнекті қоғам және саясат қайраткері, қазақ ұлттық тіл білімі және әдебиеттану мектебінің негізін қалаушы, қазақ халқының көрнекті ұлы Ахмет Байтұрсынов туралы айтқым келеді.

